






Автор: Умирбаева Жанар Базарбаевна
Пән: Математика
Сынып: 3-сынып
Бөлім: Үлес
Тақырып: Үлес бөлшек туралы түсінік

Сабаққа негізделген оқу мақсаты	3.1.1.5 үлесті құру жолын көрсетіп беру, оларды оқу, жазу және салыстыру 3.1.1.6 жай бөлшектерді оқып, жазу; көрнекіліктерді пайдалана отырып, бірдей мәнділігі бар бөлшектерді салыстыру
Сабақ мақсаттары:	Барлық білім алушылар: Жай бөлшектерді оқу және жазу Білім алушылардың басым бөлігі: Көрнекіліктерді пайдалана отырып, бірдей мәнділігі бар бөлшектерді салыстыру Кейбір білім алушылар: Көрнекіліктерді пайдалана отырып, мәні бірдей бөлшектерді салыстыру.
Бағалау критерийлері (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)	Балалар бағалау критерийлерін талқылайды. Мен: □ – суреттен үлестердің жасалуын көрсетемін; □ – үлестерді оқимын; □ – үлестерді жазамын; □ – үлестерді салыстырамын
Тілдік мақсаттар	Тілдік дағдылар: үлестердің тұрмыстық атауы Терминология: Бөлшек, алымы, бөлімі Талқылау: - Бөлшектің бөлімі нені көрсетеді? - Бөлшектің алымы нені көрсетеді? - Қай бөлшек үлкен: $\frac{1}{6}$ немесе $\frac{2}{6}$? - өсу тәртібі бойынша орналастырыңдар. Жазылым: Бөлшектерді өсу (кему) тәртібі бойынша жазыңдар.
Құндылықтарды дарыту	Отбасы мүшелерін құрметтеу, сыйлау.
Пәнаралық байланыстар	Жаратылыстану.
Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім	2 санынан бастап 9 санына дейінгі көбейту кестесі. шамалар арасындағы қатынас: «бір заттың массасы», «саны», «жалпы масса».

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Басталуы: (5мин.)	Ынталандыру. Көбі математика ілімі тек сабақта ғана қажет деп ойлайды. Бірақ ол олай емес. Біз математика ілімінің күнделікті өмірде қалай іске асатынын білетін боламыз.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>Ортасы: (30мин.)</p>	<p>Өзектендіру. Видеоролик көру (2мин.34сек.) https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/bolshektek?mid=f8afbe70-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe </p> <p>Мұғалім оқушылармен бірге алдыңғы сабақта өткен мәліметтерді еске түсіреді. Тақтада немесе жинақ полотносында сурет берілген. </p> <p>– Бірінші дөңгелек неше тең бөлікке бөлінген? $1/2$ бөлігін қалай шығардың? Екінші дөңгелек неше тең бөлікке бөлінген? $1/4$ бөлігін көрсетіңдер. Қалай жазасыңдар? $1/4$ бөлігін қалай шығардыңдар? Бүтін шеңберде неше ширек бөлік бар</p> <p>Жаңаны ашу. №1 тапсырмаға арналған суретті қараңыз. Алдыңызда тұрған күнтізбе. Ол неше бөлікке бөлінген? (12-ге).</p> <p>Бұл бөлікті қалай атайды? (Он екіден бір).</p> <p>– Бір ай бір жылдың нешеден бір бөлігі? $1/12$. – Көктем айлары қандай бөлікті құрайды? Математикада бұны былай жазуға болады:$3/12$. жазбаны торкөзде көрсетеді. Бұл жазбаны бөлшек деп атайды. Сызықтың астындағы сан – бөлімі. Ол неше бөлікке бөлінгенін көрсетеді. Сызықтың үстіндегі сан – алымы. Осындай қанша бөлікті алғанын көрсетеді. 1 (ә) суретін қараңыздар. Аптаның бір күні қандай бөлікті құрайды? 2 күн ше? $1/7$, $2/7$. Әрі қарай мұғалім аптаның күндерін, демалыс күндерді бөлшекпен атауды және жазуларын сұрайды. Түсіндіре отырып алғашқы бекіту. https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/bolshektek?mid=f8afbe75-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe </p> <p>Өзіндік жұмыс: https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/bolshektek?mid=f8afbe72-9ee4-11e9-a361-1f1ed251dcfe</p>	
<p>Аяқталуы: (5мин.)</p>	<p>Жаңаны қолдану. № 5 тапсырманы балалар өз беттерімен орындап, тексереді. Содан кейін мұғалім дәптердегі қалыптастырушы бағалауы бар тапсырманы орындауды тапсырады. Мен:</p> <ul style="list-style-type: none"> – суреттен бөлшекті көрсете аламын; – бөлшектерді жазамын; – бөлшектерді салыстырамын. <p>Өткенмен жұмыс. №6 тапсырма немесе дәптердегі тапсырманы орындау.</p> <p>Өзіндік жұмыс.</p>	